


ЕКАТЕРИНБУРГ- ТЕН ОЛЖАМЕН ОРАЛДЫ

Аулымыздың тумасы біздің мақтанышымыз 58 жасар Т.Смайлов Екатеринбург қаласында өткен Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерейтойына арналған 42 шақырымдық марафон жүгірісінен жүлделі үшінші



орынды еншіледі. Сол үлкен жарыста ту көтеру рәсімі де Т.Смайловқа бұйырды. Төлеутай талай марафондарда топ жарып, биіктерден көріне білген. Тіпті, Азия жеңімпазы атағын да жеңіп алған. Өзінің 58 жасына қарамастан қақаған аязда қарға шомылып, суық сумен жуынады екен. Аядағы арманы, Әлем кубогін еншілеу. Ауданымыздың спорт мектебінде Төлеутаймен болған кездесуде аудан әкімінің орынбасары, Ю. Бекқожин, ардагерлер алқасының төрағасы Ш.Әлгожин, әріптесі А.Ыбраев ағамызға ақ тілегін айтып, құттықтады.

Спортшы өз сөзінде өзі жайлы айтып кетіп, жарысқа баруға де-меушілік еткен А.Ыбраев пен Б.Мусахановқа ерекше алығасын айтты. Кездесу соңында Төлеутайдың қарға шомылғанын тамашалады.

Өз тілшімізден.

Шет шұғыласы.- 2010.- 11 наурыз (№11).-1 б.